Қазақ әдебиетінің тарихы II кіт.



ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)
Д 20

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ғылыми кеңесі шешімімен (№ 6 хаттама 18 қаңтар 2022 жыл); әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің бірлестігі (РОӘК ОӘБ) мәжілісінің шешімімен «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына пайдалануға ұсынылған (№ 1 хаттама 16 наурыз 2022 жыл) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

Дәдебаев Ж.

Д 20 Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқу құралы. Екінші бөлім / Жанғара Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 440 б.

ISBN 978-601-04-6943-3

Оқу құралында қазақ әдебиетінің проза жанры бойынша дайындалған оқу-әдістемелік еңбектер топтастырылған. Роман жанрының жетістіктерін жинақтауға лайықты мән берілген, жазушылардың шығармашылық портреттері жасалған, көркемдік әлемі ашылған, шеберлік қырлары сараланған. Әр тақырыптың соңында тиісті сұрақтар мен тапсырмалар берілген, пайдаланылатын әдебиеттер көрсетілген.

Оқу құралы «Тілдер мен әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында пайдалануға арналады.

Авторлың редакциялаумен шығарылды.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-6943-3

© Дәдебаев Ж., 2025
© Абай ғылыми-зерттеу институты, 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақ әдебиетінің тарихы» оқу құралының бірінші бөлімі «Қазақ университеті» баспасынан 2021 жылы жарық көрген. Онда қазақ поэзиясы бойынша дайындалған оқу-әдістемелік еңбектер топтастырылған болатын. «Қазақ әдебиеті тарихы: оқу құралы. Екінші бөлім» қазақ әдебиетінің прозалық жанр түрлері туралы. Қазақ романының даму ерекшеліктеріне, жетістіктеріне, көрнекті өкілдерінің шығармашылығына ерекше назар аударылды.

Оқу құралының басында берілген «Үлкен эпос ізденістері», «Роман және тәуелсіздік идеясы» деп аталатын алғашқы екі тарауда қазақ романының жалпы мәселелері жайы қарастырылған. Қазақ романының елеулі үлгілерінің жетістіктері, мазмұн мен пішін саласындағы ізденістері, қаламгерлердің өмірдің шындық құбылыстарын тану мен таразылау, одан көркем әдебиет туындысын жасау жолындағы шығармашылық ізденістері, жеткен жетістіктері сындарлы таным тұрғысынан байыпталған.

Аталған екі тараудан кейін қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің шығармашылығы жеке-жеке қарастырылып, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктер пақты талдаулар негізінде көрсетілген.

Прозалық шығармаларды оқу құралы талаптарына сай талдаудың, жинақтау мен бағалаудың өзіндік ерекшеліктері болатыны түсінікті. Оқу құралында осындай ерекшеліктер ескерілді, әр тақырып бойынша маңызды деген мәселелер көтеріліп, әр талдау нәтижесінде білім алушының пақты және маңызды білім алуы көзделді. Оқу құралындағы әр тақырып бойынша жасалған талдаулардан білім алушы тиісті білім, ақпарат алып қана қоймай, әдеби шығарманы талдау мен бағалаудың тиісті жолдарын, амалдары мен тәсілдерін аңғаруы мен меңгеруі де аса маңызды.

Әдеби шығарманы талдау мен бағалауда онда суреттелген оқиғалардың өмірге қатысының шынайылығын танып, білудің және бағалаудың маңызы зор. Көркем шығармада көрініс тапқан оқиғалар оқырмандарының ойын байытуға, танымын тереңдетуге, адамшылық негізін нығайтуға, мінезін жақсартуға қаншалықты әсер ететіні білім алушы студенттің де, білім беруші оқытушының да әрдайым есінде тұруы абзал. Білім алушы өз ойларын осы бағытта әр тақырып бойынша нақтылап, толықтыруға мүдделі болуы орынды.

Әл-Фараби көркем шығарманың оқушысына әсерін сипаттай отырып, бірнеше маңызды қағида негіздейді. Ол қағидалар бойынша, оқушы жұрт әдеби шығарманың көркемдік әлеміне енгенде, мынадай күйлерді бастан кешуі шарт:

* білім алушының өздігінше орындайтын жұмысының танымдық, әдістемелік (дидактикалық) жаңашыл сипаты оның семинар сабақтарына өздігінше дайындалуын нәтижелі, тиімді етеді.

Семинарға дайындық жұмысы бірнеше сатыдан тұрады: а) семинар тақырыбы бойынша лекцияларды мұқият тыңдау; ә) семинардың жоспарымен жете танысып, қажетті мәтіндер мен әдебиеттерді игеру; б) оқу барысында жиналған ақпараттарды, ойларды сұрыптау, жүйелеу; в) жүйеге түскен мәліметтерді, ойларды пайымдау, талдап, бағалау; г) баяндаманың (эссе, сөз, реферат, т.б.) тезистерін, толық мәтінін дайындау; д) семинар сабағы үстінде берілген тақырыпты талқылауға белсенді қатысу, т.б.

Семинар сабағында қарастырылатын мәселелерді жете игеру ісінде білім алушының өздігінше ізденулері мен дайындықтары шешуші рөль атқаралы.

Оқулықтар мен берілген әдебиеттер бойынша үздіксіз, бірқалыпты жүйелі және тиянақты дайындалу нәтижесінде ғана нақты табыстарға жетуге болады. Қайсыбір білім алушылар семинар сабағы болатын күн қарсанында ғана дайындық жұмыстарымен айналыса бастайды. Соның салдарынан берілген тапсырманы үстірт игереді немесе тіпті игере алмайды. Семинар сабақтарына бұлайша дайындалуға болмайды. Семинар сабағы өтетін күнге дейін әлі көп уақыт бар, сондықтан оған әзір дайындалмай-ақ қоя тұрса да болады деп ойлаған студент қателеседі.

Жоспарсыз, жүйесіз және жеткіліксіз дайындалу білімнің де жүйесіз, үстірт қалыпта қалып қоюына әкеліп соғады. Білім алушының өздігінше жүргізетін жұмысында уақытты үнемді, тиімді пайдалану – жүйелі, тиянақты білім алудың басты кепілі. Осыны есте берік ұстау керек.

Семинарды өткізудің жолдары алуан түрлі. Олардың бастылары мынандай: а) сұрақ-жауап тәсілі; ә) әңгіме-сұқбат; б) эссе немесе баяндама және оны талқылау; в) семинар-диспут; г) семинар-конференция, т.б.

Аталған әдістердің кай-қайсысы да, ұтымды пайдаланылған жағдайда, елеулі нәтижелерге алып келетіндігінде сөз жоқ. Солардың бәрінде де білім алушының творчестволық белсенділігі, саналы, жүйелі дайындығы басты қызмет атқарады.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
Үлкен эпос ізденістері 5
Роман және тәуелсіздік идеясы 49
Мұхтар Әуезов 80
Ғабидең Мұстафин 104
Дихан Әбілев 134
Ілияс Есенберлин 146
Бауыржан Момышұлы 165
Тәкен Әлімқұлов 194
Әзілхан Нұршайықов 204
Шыңғыс Айтматов 221
Зейнолла Қабдолов 252
Шерхан Мұртаза 266
Қабден Жұмаділов 281
Әбіш Кекілбаев 303
Мұхтар Мағауин 314
Сайын Мұратбеков 333
Софы Сматаев 344
Бексұлтан Нұржекеұ 362
Қажығали Мұқанбетқалиев 373
Бақкожа Мұқай 382
Кәсемәлі Сәтібайұлы 399
Төлеген Тоқбергенов 407
Сағат Әшімбаев 419
Сайлаубек Жұмабек 427
Нұсқаулар мен кеңестер 436

Оқу басылымы

Жанғара Дәдебаев

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

Оқу құралы

Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *А.Т. Акылова*

ИБ 15646

Басуға 10.02.2025 ж. Қол қойылды. Пішімі 148х210 1/6
Көлемі 27,5 б.т. офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс № 009
Таралымы 20 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

ISBN 978-601-04-6943-3